

**"Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 26 қарашадағы № 434 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 124 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 мамырда № 10969 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 191 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.06.2016 № 191 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 125-бабының 3-тармағына  
с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 26 қарашадағы № 434 Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде № 9015 тіркелген, 2013 жылғы 31 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2014 жылғы 8 ақпандағы № 27 (28251) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі), педагогикалық (дене шынықтыру және спорт), заң, экономика мамандықтары бойынша, басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе спорт және дене шынықтыру саласында кемінде 5 жыл жұмыс т ә ж і р и б е с і н ің б о л у ы . » .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов) заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы тармақпен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді іс-шараларды орындағаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі С.Ж. Мұсайбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
Т. Дүйсенова

2015 жылғы 3 сәуір